

Білмеймін қосақтаған қай ақымақ?! – деп жұмбақтайды. Жас сұлуды арғымаққа, аққуға балап дәріптесе, оларды дүниеге сатып алып, айырбасқа салып отырған күйеусымақтарды құнсыз есекке, жапалаққа теңеп жерлейді.

Қазақтың тілмарлық, тапқырлық негізінде туған бұл күлдіргі аңыз-әңгімелер – халықтың ақыл-ой парасатының, даналығының айғағы.

Халық

"Айқап" сатиралық шығармалар аударумен де айналысты. Белгілі ағартушылардың ғана емес, басқа тапкерлердің де аударған сықақтарын жарыққа шығарып отырды. Журналдағы аудармаларды зерттеген ғалым З.Тұрарбеков онда қазақ арасындағы келелі мәселелер ерекше орын алғандығын, "аударма шығармалар және қазақ тіліне аударудың ғылымдық және практикалық мәселелері туралы" жазылғандығына тоқталып өткен [1].

Журнал қазақ сахарасына тән мінездерді, ортақ кемшіліктерді сынайтын туындыларды таңдап аударуды мақсат еткен. Журналдағы сықақтардың көркемдік шеберлігі сатира жанрының талаптарынан біраз ауытқығанмен де оларда сынның, мысқылдың белгілері бар. Т.Қожакеев өзінің 1969 жылғы "Қазақ әдебиеті" газетіне шыққан "Айқап" журналындағы сын-сықақ деген мақаласында: "Айқап журналы

қалдырған сықақ мұраның көркемдік, шеберлік дәрежесі ала-құла. Журнал өмірінің қысқалығы, дау-дамайдың көп болуы, сол кездегі әдебиет, мәдениетіміздің жалпы деңгейінің төмендігі онда жарияланған сатираның сапасына да әсер етпей қоймады", - деп жазды [2].

"Айқап" журналында қазақтың өткен кездегі және 20-ғасырдың басындағы қоғамдық саяси өмірінің мәселелері, мәдениет және әдебиет жайында, халық ағарту жұмысы мен тілінің дамуы жайында, қазақ әйелінің теңдігі т.б. жайында жазылуы. Жалпы "Айқап" журналының қазақ қоғамының, соның ішінде қазақ әдебиетінің тарихынан алатын орны ерекше.

"Айқап" журналы халқымыздың бүкіл тіршілік болмысын, экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайын, әдебиеті мен мәдениетін, өнері мен білімін жетілдіруді жан-жақты жазумен бірге, осы бағытта үлкен түсіндірушілік, насихат жұмыстарын жүргізді, қазақ қоғамының ілгері дамуына зор үлес қосты.

1. Тұрарбеков З. Әдебиеттер достығының дәнекері. - Алматы: Қазақстан, 1977;

2. Қожакеев Т. "Айқап журналындағы" сын-сықақ // Қазақ әдебиеті, 1969, 15 шілде.

\*\*\*

В статье рассматриваются вопросы литературы в журнале «Айқап» (1911-1915 гг.)

## Ө. Оралбаев

### ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНДЕГІ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЗАМАН ТЫНЫСЫ

Қазақ өлеңінің сан ғасырлық тарихында үзілмей келе жатқан дәстүр – замана тынысын кең ауқымда көрсету, дәуір тудырған оқиғалар мен өзгерістерді айту, бейнелілік пен көркемдіктің ара жігі ажырамас бірлігі, ерлік пен өрліктің, батырлық пен батылдықтың буындас жүйесі замана сынынан сүрінбей өтіп, біздің уақытымызға өзінің бар-болмысын барынша сақтай жетті. «Қобыланды батыр» бастаған батырлар галереясы Алпамыспен астасып, Ер Тарғын мен Қамбарға, Қарасай-Қази мен Орақ-Мамайға, Қырымның қырық батырына, одан қала берді, ерлік пен махаббаттың телқоңыр туындылары Қозы Көрпеш пен Баян Сұлуда,

Қыз Жібек пен Төлегенге, олардан кейін туған ғашықтық дастандар мен лиро-эпостық жырларға көшті.

Он бесінші – он сегізінші ғасырларға тізгін үзбей жеткен қазақтың қаһарман да көшелі жырлары одан кейінгі замандарда Қазтуған мен Асан Қайғыға, Досмамбет пен Шалкиізге, Жиёмбет пен Марғасқаға, Ақтамберді мен Тәтіқараға, Үмбетей мен Бұқарға, одан берідегі ақындар көшіне жетіп, ғасырдан-ғасырға озып, қазақ жырын биік қияларға әлі жетелеп келеді. Көңілі таза көшпенділер поэзиясы ортағасырлық жыраулық поэзияның ең озық үлгілері болды.

Осы кезеңдегі ақындардың сөз саптауы,

жыр төгуі батырлық пен жыраулықтың өзара тіндес рухынан болса, одан кейінгі ақындардың, Шал, Көтеш, т.б. жырлары жаңа ырғақ, қара өлең стиліндегі кәнігі жырларға келіп иек артады. «Қазақ даласындағы азаттықшыл ақыл-ойдың бас сардарларының санатында айбынды ақын Махамбет алдымен ауызға ілінеді. Оның жан-жүректі түгел баурап алатын өжет те өктем жырлары әлі күнге дейін сай-сүйегінді сырқыратар бостандық дұғасындай пәрменді естіледі. Олар күні кешеге дейін бізді Елдікке, Теңдікке, Бостандыққа шақырып келсе, енді соларды мәңгілік баянды ететін Бірлікке, өркениеттік Өрелілік пен рухани Кемелдікке шақырады» деп жазды белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев. («Шандоз», «Атырау-баспа», 2003 жыл, 367-бет).

Осы арман мен мақсат бүгінгі күнде дейін қазақ сөз өнеріне мәңгілік мұрат, өлмес дәстүр болып жетті. Өзінің кемел туындыларымен кеңес әдебиетінің алдыңғы қатарында болған қазақ поэзиясы қай кезеңде де ата-баба арманының аңсарын бір сәтке де ұмытқан жоқ.

Оны замана көштерінде толқын-толқын болып келген әр кезеңдегі поэзиялық көрнекті шығармалардан жазбай көреміз. «Қазақ лирикасында үлкен көркемдік жаңалық ашып, соны әсемдік арналарды негіздеп, әсіресе Еуропа, орыс әдебиетіндегі ізденістерді, бағыттарды ұлттық топыраққа батыл да еркін ендірген Мағжан эпикалық жанрада поэманың ықшам формаларын қалыптастырды» деп жазады академик Рымғали Нұрғали. (Рымғали Нұрғали. «Әуезов және алаш», А, «Санат» баспасы, 1997 жыл, 102-бет).

«Қазіргі қазақ поэзиясына оқыған, білімді ақындар келе бастады» деген пікір туған кезеңнен бастап, қазақ поэзиясы түр, мазмұн, тақырып, идея мен ой жағынан биік белеске көтеріле бастады. Жалпы, қазақ поэзиясының бүгінгі шыққан асқары ТМД елдері әдебиетінің алдыңғы қатардағы авангарды десек, артық айтқандық емес. Қазақ поэзиясы – осылайша мәңгілік мектеп қалыптастырған поэзия.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің қай-қайсысы да осы мектептен өсіп шықты. Осы мектептің тарихи сабағын алды, үйренді, үлгі алды. Тек қана үйреніп, үлгі алып қойған жоқ, бұрынғы бар мектепті одан әрі тақырыптық-мазмұндық, көркемдік-идеялық жағынан барынша кемелдендірді. «Көркем әдебиет - өмір оқулығы» деген Чернышевский анықтамасы осы ойға дөп келеді. Өйткені, әдебиет адамның ақыл-ойын түзейді, қалыптастырады, адамға өмірдің сан-қилы бояуы мен реңін

түсіндіреді, сол арқылы адамды жақсыға, жаңаға, асыл мұраттарға үндейді. Сол себепті де, әр ақын өз оқырманының ұстазы, тәлімгері, қажет болатын болса, шынайы досы, шыншыл жолдасы. «Жазушы мен сыншы халықтың эстетикалық талғамын арттыруда бірдей жауапты» деп академик, сыншы Серік Қирабаев жазғандай, көркемсөз иесі көңілдегі көрікті ойын көпке жеткізуде ешқашан жауапкершілік сезімін төмендетпеуі тиіс. (Серік Қирабаев, «Уақыт және қаламгер», әдеби жинақ, «Биік талаптар» мақаласы, А, «Жазушы», 1973 жыл, 82-бет).

Бүгінгі қазақ поэзиясының қай өкілі жөнінде де әңгіме қозғағанда, жалпы қазақ өлеңінің арғы дәуірден бастау алатын көне соқпағы мен сартап сүрлеуін шолу ретінде болса да еске түсіру – қазақ жырының мәңгілік қуаты мен құнарының қайдан шығып, қалай жеткенін аз да болса еске түсіру. Қай заманда да қаламгердің халық алдындағы, өз уақыты алдындағы үлкен жауапкершілігін сезінуі қажеттігін еске салу. «Қолына қалам ұстаған зиялы қауым М.Әуезов шығармашылығынан нәр алып, Мұхандай халқы мен Отаны алдындағы жауапкершіліктен таймауы тиіс, өз елі мен халқының болашағына қызмет істеуі керек» дейді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. (Нұрсұлтан Назарбаев. «Қалың елім, қазағым», Алматы, «Өнер», 1998 жыл, 278-бет).

60-шы жылдардың басында, әдеби-мәдени тарихымызда «жылымық» кезеңдер деген атаумен енген тұста қазақ әдебиетіне, соның ішінде қазақ поэзиясына бір шоғыр аса талантты толқын келіп қосылды.

Ақын және заман. Ақын және ақиқат. Осынау телқоңыр терең ұғымдардың астарында көп сыр, көшелі пайым жатыр. Оны оқырман өлеңдерден тапса, ғылыми сараптамада ол жетістіктер қаламгердің болмысы мен бітімін, оның өлең көкжиегіндегі өзіндік орнын бағамдау мақсат болады.

Біздер, қалқам, өлең атты елденбіз,  
Жауыннанбыз...  
Қайғыданбыз...  
Желденбіз...  
Мәңгіліктің үрлеп мәңгі майданын,  
Ғасырлардың қойнауынан келгенбіз.

Жүрегімен күндіз-түні от өрген,  
Кермекті артық көретұғын шекерден.  
Қалқам, біздер өлең атты елденбіз,  
Ақындықтың ауыр жүгін көтерген.

Нұрлан Оразалин бұл жырын 1991 жылдың шілдесінде жазған. Осы өлеңді зер салып, зерделеп қарасақ, сөз басында біршама айтылған

ақындық тарих пен ақындық эстафета туралы авторлық аннотация бар. Ақын бүгінгі күн мінбесінен сөз алып тұрып, мойнындағы азаматтықтың ауыр жүгін жауапкершілікпен көтеріп келе жатқанын терең сезінген сеніммен серт сөйлеп тұр. Бұл қаламгердің қарабайыр ұраны да, желге шығарған жыр-әні де емес, бұл ақындық азап пен тозаққа, жауапкершілік пен міндетке пейіл берген, пейіл беріп қана қоймай, өлең атты қасиетті өнердің қыр-сырын қапысыз сезінген, ұзақ жылдар бойы әр сәтті теңеу, салиқалы ой үшін маңдай терін сыпырған сарабал ақынның шын сөзі.

Жалында!

Көз ілеспес көк беренім,

Жалынсыз бықсығанды жек көремін.

Озсам да... озбасам да...

Дәл осылай

Мен қалған өмірімді өткеремін, -

деген ақынның алғаусыз сырына қапысыз сенесің. (Нұрлан Оразалин. «Қоздағы шоқ», Алматы, «Атамұра», 2008 жыл, 151- бет). Ақын Нұрлан Оразалин әдебиетке өзінің сыршыл да сезімтал даусымен келген қаламгер. Оның алғашқы өлеңдері, Университет қабырғасында жазылған жырлары өзінің ішкі әуез, сырнайдай сыршыл сазымен сол кездің өзінде-ақ өз оқырмандарына жаңылмай жеткен болатын.

Уақыт, заман алдындағы ақындық жауапкершілікті терең сезіну сол ақынды қайраткер тұлғаға айналдырады. Бірақ оған әуел бастан ақындық азаматтық болмыс іргетас болуы шарт. Жоғарыда үзінді келтірілген жыр екінші сөзбен айтқанда ақындық серт пен ақындық анттың поэтикалық тұрғыда көрінуінің бір түрі. Қандай ақын болса да өнер жолын бастарда бата алады, өзіне серт беріп, жүрер жолын айқындап алады. Бұл қазақ поэзиясында ғана емес, жалпы-адамзаттық қадам. Тіпті жалпы өнер атаулығы тән қадам.

Осы тұрғыдан келгенде біздің әдеби зерттеу еңбектің негізгі нысанасы болған келесі кезектегі үш ақын – Марфуға Айтқожаның, Темірхан Медетбектің және Күләш Ахметованың шығармашылығы өзінің азаматтық, қаламгерлік болмыс-бітімі, перзенттік позициясы жағынан үлкен жүк көтеріп келе жатқан еңбектер.

Көрінген қарапайым жайшылықта,

Бұл өмір,

Толы екен ғой қайшылыққа..

Келемін әлі күнге ажыратпай,

Қадірім асқандығын қайсы жұртқа?,

деп Марфуға Айтқожа уақыт алдындағы ақындық жауапкершілік сезімін екіұдай көңіл күйге орап жеткізеді өзінің «Жапырақтар жауғанда» атты жыр жинағында. «Қадірім асқандығын қайсы жұртқа» деп айту үшін

ақындық лайықты қолтанба керек. Әйтпесе, құр бәлсіну мен ділмарсу неге қажет? Айтқожа ақын жұрт көкейіндегі осы кепті үлкен ақындық сезімталдықпен сезіне біледі, ой көзімен көре біледі. Бұл ақындық сергектік.

Темірхан Медетбекті тыңдап көрсек, «Көк түріктер сарыны» жинағында ол былай деп үн қатады:

Ғасырлардың түбінен

Бостандығымды іздеп шықтым.

...Темір етігім

Теңгедей болды,

Темір таяғым

Тебендей болды,

Мен оған зорға жеттім, -

деп азаттықтың бағысы мен қадірін жеріне жеткізе айтады. Халықтық сарын мен бүгінгі уақыттың тынысын біте қайнастырып, тәуелсіздіктің туын жықпаудың жауапкершілігін оқырман есіне салады. Бұл азаматтық айқын жыр, айқын сыр. Мұндай жырлардың үні де ашық, әуені ажарлы.

Дүниеде мұң ғана, мұңнан да ауыр,

Мұңайғанда жол таппай тұрған бауыр.

Кегі кеткен далама

Келдің бе есен,

Тарихи әділетті туған дәуір!

деп патетикалық екпінмен жырлайды Күләш Ахметова өзінің «Құт» атты жыр кітабында. Қазақ елінің жаңа дәуіріне осындай жігерлі де шуақты, жайсаң да қуатты жырлар керек.

«Біздің заманымыз - өткен заманның баласы, келер заманның атасы» деп ұлт кеменгері Ахмет Байтұрсынов айтқандай, ақын қай кезеңде де өз заманының кескін-келбетін сомдайды. Ал ол шығармаларында қалай көрінеді, оқырманын қалай иландырып, сендіреді ол да ақынның қалам күшіне, ақындық диапазонының тарлығы мен кеңдігіне, көңіл көзі мен сенім санлауының айқындығы мен ашықтығына сын.

Поэзияның күші мен құдыреті де осында, ол өмірге күштарлық, ғашық болу. Өмірдің мәні мен мазмұнын тереңнен түсінуге, байыптап түйсінуге, барлап сүйсінуге негізделген. Ақынның заман алдындағы, қоғам алдындағы, керек десеңіз өзінің ар-ұжданы алдындағы жауапкершілігі мен міндеті оның ақындық көркемдік қуаты мен ақындық шеберлігіне тікелей тәуелді. Сондықтан да жалпы оқырман қауым, немесе әдеби орта шартты түрде ақындарды «жақсы ақын», «нашар ақын» не болмаса таланты, талантсыз ақын деп бөліп жатады. Ақынды жас ақын, қарт ақын деп бөлу де тым шартты. Ақын сезімге келгенде қашанда жас, көңілге келгенде қашанда ояу, ақыл-ойға келгенде әрқашан қарт-қария. Өйткені ол адам жанының бағбаны, адам көңілінің айнасы, уақыт жанының ыстық-

суығын, ауа райын көрсетіп тұратын бағабарометрі.

«Асылы, лирикалық шығарма ақынның көңіл күйіне құрылады дегенбіз; ақын онда өзін, өз сезімі мен сырын жырға айналдырады, өзі туралы сөйлейді. Ал, «ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке «мені» туралы айтса, ол – жалпы көпшілік туралы – бүкіл Адам баласы туралы айтқаны; өйткені оның тұлғасында жалпы Адам баласына тән қасиеттің бәрі бар» деп В. Белинский жазғандай, (В. Белинский, шығармалары, А, «Жазушы», 1987 жыл, 37-бет). ақын өзінің басындағы мұң мен сырды айтып отырғандай көрінгенмен, ол мұң мен сыр оқырманға да жат емес, тіпті кейде оның ішкі жан дүниесімен тереңнен қабысып, алыстан табысып, ақын мен оқырман арасындағы рухани байланыс телепатиялық байланысқа жетеді.

Демек, жоғарыда аттары аталып, шығармаларынан үзінділер келтірген ақындар - өз

заманының болмыс-бітімін шынайы зерделеген, дәуір тынысын өзіндік тақырыптық-көркемдік шеберлікпен көрсеткен қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері.

1. Нұрсұлтан Назарбаев. «Қалың елім, қазағым», Алматы, «Өнер», 1998 жыл, 278-бет.
2. Нұрлан Оразалин. «Таңдамалы үш томдық туындылар», Алматы, «Жазушы», 2006 жыл.
3. Марфуға Айтқожа. «Жапырақтар жауғанда», Алматы, «Елорда», 2002 жыл, 247-бет.
4. Темірхан Медетбек. «Көк түріктер сарыны», Алматы, «Жазушы», 2007 жыл, 62-бет.
5. Күләш Ахметова. «Құт», Алматы, «Дәуір», 2005 жыл, 9-бет.
6. Әбіш Кекілбаев. «Шандоз», Атырау, «Атырау-баспа», 2003 жыл, 367-бет.
7. Серік Қирабаев. «Уақыт және қаламгер», әдеби жинақ, Алматы, «Жазушы», 1973 жыл, 82-бет.
8. В. Белинский. «Шығармалары», қазақ тілінде, Алматы, «Жазушы», 1987 жыл, 37-бет.
9. Рымғали Нұрғали. «Әуезов және алаш», Алматы, «Санат», 1997 жыл, 102-бет.

*Яшар Худжестулла оглы Рзаев*

## РЕВОЛЮЦИЯ И РЕВОЛЮЦИОНЕРЫ В АЗЕРБАЙДЖАНСКОМ РОМАНЕ (1930-1955 гг.)

В 1930-1950 гг. во время формирования по определенной схеме литературного метода социалистического реализма как в русской, так и в азербайджанской литературе тема литературных произведений была в основном связана с революционными событиями и производством. В романах в особенности была сильна тенденция, стремление отражать мощь, силу, пафос революции, ход гражданской войны, трудности и победу коллективизации на селе, создание портретов «несгибаемых» представителей рабочего класса. В произведениях великого мастера романа М.С.Ордубади, в романах «Шамо» (С.Рагимов), «Воскресший человек», «Манифест молодого человека» (Мир Джалал), «Мир рушится» (Абульгасан) «Половодье», «Утро» (М.Гусейн), «Араз» (А.Шаик), «Нина» (С.Рахман) и др. делалась попытка выполнить эту задачу на уровне идеологических требований. Эти романы, прежде всего, привлекают внимание художественно-эстетическими особенностями, воспроизведением, отражением национальной действительности, живых картин жизни, народного быта,

отдельными запоминающимися образами. Наряду с этим, стоит отметить и то, что если в это время в русской литературе были такие монументальные литературные образцы как «Тихий Дон» (М.Шолохов), «Хождение по мукам» (А.Толстой), азербайджанским романам не удалось раскрыть философии и суть революции.

Ещё в 20-е годы в азербайджанской литературе в этом направлении шли серьезные поиски, перебирались факты, но изложение темы, нужным образом не находило своего литературного решения. Азербайджанское литературоведение советского периода считало что, «славный и трудный путь» проделанный пролетариатом, который является самым революционным и боевым классом до тридцатых годов, на должном уровне не был отражен, в эпическом плане. Путь его (пролетариата-Я.Р.) формирования, влияние революции 1905-1907-годов на освободительное движение народов Востока, постепенное превращение пролетариата в мощную силу, Октябрьская революция и Апрельская (1920) «революция», гражданская война, народное движение против внешних захватчиков,